

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

07-06-2024

Өтінім беру күні

27-06-2024

Өтінімнің номері

011406-051-24

Тізілімде тіркелеген күні

01-08-2024

Тіркеу номері

011406-051-5531-24

QR код**Өңір**

Ақмола облысы

ТЖКОББ ұйымы

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі
"Көкшетау қаласының № 6 мектеп-лицейі" КММ

Білім деңгейі

Техникалық және кәсіптік

Даярлық бағыты

011 Білім

Даярлық мамандануы

0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Мамандық коды және атауы

01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Біліктілік(-тер) коды және атауы

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі

ҰБШ бойынша деңгейі

4

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Шетел тілі мұғалімі біліктілігі аясында білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыратын құзыретті мамандарды даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Негізгі орта

Кредиттердің жалпы көлемі

300

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

№ 1 хаттама, 1 ақпан 2024 ж.

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

№ 3 хаттама, 7 наурыз 2024 ж.

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Лицензия

Лицензия.pdf

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ1	Іскерлік қарым-қатынасты ауызша және жазбаша түрде мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде жүзеге асыру.
2	Қ2	Кәсіби салада жаратылыстану, математикалық білімдерді қолдану.
3	Қ3	Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.
4	Қ4	Кәсіби салада салауатты өмір салтын сақтауды, алғашқы әскери-техникалық дайындығын, графикалық мәдениетін қалыптастыру.
5	Қ5	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
6	Қ6	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
7	Қ7	Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, білім алушылардың анатомиясын, физиологиясын, мектеп гигиенасын сақтауға назар аудару.
8	Қ8	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты цифрлық өңдеу әдістерін қолдану.
9	Қ9	Шетел тілінде білім беру процесін жүзеге асыру.
10	Қ10	Тәрбиелеу үрдісінің бағдарламалары мен әдістемелерін жобалау.
11	Қ11	Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру.
12	Қ12	Шетел тілінің теориялық негіздерін тұжырымдау.
13	Қ13	Кәсіби қызметте стилистикалық және лексикалық нормаларды қолдану.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
1	ЖБП 1. Қазақ тілі	Әдеби қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың түрлері; монологті сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жасау кезіндегі стилистикасы.	ОН 1.1. Тілдің дыбыстық заңдылықтарының ерекшеліктерін игеріп, фонетикалық құрылысын талдау. ОН 1.2. Сөз мағыналарының ерекшеліктерін меңгеру. ОН 1.3. Сөздің жасалу тәсілдерін түсініп, өзгеру ерекшеліктерін анықтау. ОН 1.4. Сөз құрамын жіктеп, таптастыру принципін мәтін ішіндегі сөздерді талдағанда қолдану. ОН 1.5. Синтаксистік принциптерді қолдана отырып, орын тәртібін сақтау арқылы өз ойын еркін жеткізу. ОН 1.6. Әр түрлі типтегі және жанрдағы, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жазу.	5	120	Қ1	Е
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктер, негізгі эпизодтар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялық-көркемдігі, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілері.	ОН 2.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын сыни тұрғыдан түсіну. ОН 2.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәтіннен мәнерлеп жатқа оқу. ОН 2.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 2.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 2.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 2.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.	4	96	Қ1	С
3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді құруы;	ОН 3.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.2. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 3.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 3.4. Күрделі синтаксистік конструкцияларды олардың функционалдық-стилистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 3.5. Әр түрлі дерек көздерден алынған ақпаратты қорытындылау.	4	96	Қ1	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.					
4	ЖБП 4. Шетел тілі (ағылшын)	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесуде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері; өмірбаяндық, ғылыми-танымал, публицистикалық стильдердің мәтіндері; монологтық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістері.	ОН 4.1. Болашақ кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі функционалды стильдердің: ғылыми-көпшілік, публицистикалық, өмірбаяндық шынайы мәтіндерін оқу және түсіну. ОН 4.2. Оқылған (тыңдалған, көрген) толық және қысқаша баяндауды орындау, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды сипаттау. ОН 4.3. Ағылшын тілінен әр түрлі стильдегі мәтіндердің, соның ішінде болашақ кәсіби қызметпен байланысты мәтіндердің жазбаша аудармасын орындау.	5	120	Қ1	Е
5	ЖБП 5. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі; туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; алғашқы образды және интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; көпжақтардың түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері;	ОН 5.1. Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қасиеттерін меңгеру, функцияларды сипаттай білу. ОН 5.2. Рационалды және иррационалды, индикативті, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін шешу әдістерін меңгеру. ОН 5.3. Қарапайым ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары туралы түсінікке ие болу, оқиғалардың пайда болу ықтималдығын табу және бағалау. ОН 5.4. Жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар, олардың негізгі қасиеттері туралы түсіну. ОН 5.5. Геометриялық есептерді шешу үшін геометриялық фигуралар мен формулалардың меңгерілген қасиеттерін қолдану.	5	120	Қ2	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		денелердің көлемі.					
6	ЖБП 6. Информатика	Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздігі; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз ету, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялары; ақпараттық процестер мен жүйелер; ақпараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшаларды әзірлеу; компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздігі.	ОН 6.1. Процессорлар мен мобильді құрылғылардың аппараттық құралдарының функциялары мен жұмыс принципін, бағдарламалық жасақтаманы таңдауды түсіну. ОН 6.2. Әр түрлі санау жүйелерінде сандарды түрлендіру, логикалық схемалар мен өрнектерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 6.3. Деректер базасын құру, блокчейн және бұлтты технологияларды қолдану дағдыларын игеру. ОН 6.4. 3D нысанды ұсыну, виртуалды тур және сфералық панорама құру, білім беруде VR және AR технологияларын қолдану. ОН 6.5. Алгоритмдер мен интерфейстерді құру дағдыларын меңгеру.	2	48	Қ2	С
7	ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестер; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; қазақ халқының мәдениеті; әр түрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 7.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін, алуан түрлілігін, мәдени ортақтығын, материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін сипаттау. ОН 7.2. Қазақстан аумағындағы этногенезді, этникалық және әлеуметтік процестерді талдау. ОН 7.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи-географиялық сипаттамаларын, қоғамдық-саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 7.4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, кеңестік және ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениетін талдау. ОН 7.5. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін және Қазақстанның қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттау. ОН 7.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси-құқықтық процестер мен қоғамдық-саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 7.7. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасын және XVIII-XX ғасырлардағы білім беруді дамытуды талдау.	4	96	Қ3	Е
8	ЖБП 8. Химия	Заттардың бөлшектері; атом құрамы және құрылысының заманауи теориясы; элементтердің тотығу дәрежесі; химиялық реакциялардың заңдылықтарын және энергетикасы; периодтық заң және периодтық жүйесі; химия және қоршаған орта сабақтастығы.	ОН 8.1. Зат бөлшектерінің заманауи теориясымен танысу. ОН 8.2. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын түсіну. ОН 8.3. Химиялық реакциялардың энергиясын білу. ОН 8.4. Периодтық заң және периодтық жүйесін меңгеру. ОН 8.5. Химия және қоршаған орта сабақтастығын байланыстыру.	3	72	Қ2	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
9	ЖБП 9. Биология	Молекулалық биология және биохимия элементтері; тірі организмдердің әртүрлілігі, құрылымы және қызметі, жасуша циклі, тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары; эволюциялық дамудың кезеңдері; селекция негіздері; биология, физика, механика және информатиканың интеграциясы; биотехнологияның бағыттары; экология негіздері; адамның қоршаған ортаға әсері.	ОН 9.1. Молекулалық және жасушалық биологияның байланысын анықтау. ОН 9.2. Тыныс алу және бөліп шығару механизмдерін түсіндіру. ОН 9.3. Тірі ағзалардың тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік, эволюциялық даму заңдылықтарын меңгеру. ОН 9.4. Басқа ғылым салаларының жетістіктерін биологияда қолдану. ОН 9.5. Экология және адамның қоршаған ортаға әсерін бағалау.	3	72	Қ2	С
10	ЖБП 10. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	ОН 10.1. Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 10.2. Этникалық және әлеуметтік процестерді олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын айқындау. ОН 10.3. Империялардың, соғыстардың, революциялар мен шапқыншылықтардың себептері мен салдарын көрсету. ОН 10.4. Адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасының қалыптасу көздері мен маңыздылығын зерделеу. ОН 10.5. Экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін, табиғи-географиялық фактордың мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 10.6. XX-XXI ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуын, әлемнің қазіргі саяси-құқықтық биполярлық жүйесін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемасын анықтап көрсету.	3	72	Қ3	С
11	ЖБП 11. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалары.	ОН 11.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру. ОН 11.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографиялық әдістері мен технологияларын қолдану. ОН 11.3. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 11.4. Қазақстан өңірлерінің аумақтық факторларын, геоэкономикалық жай-күйі мен әлеуетін сипаттау. ОН 11.5. Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігін талдау. ОН 11.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және	4	96	Қ2	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру.				
12	ЖБП 12. Физика	Механика бөліміндегі дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс пен қисық сызықты қозғалыс кинематикасы; молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары; идеал газдың ішкі энергиясы; электр және магнетизм, сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр өрісінің энергиясы; әртүрлі ортадағы электр тоғының ерекшеліктері; еркін және еріксіз электромагниттік толқындарды; электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; кванттық физиканың адам өміріндегі маңызы.	ОН 12.1 Механикалық қозғалыс заңдарын білу және табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттауда және түсіндіруде қолдану. ОН 12.2. Молекулалық кинетикалық теорияның, термодинамика заңдарының қағидаларын білу. ОН 12.3. Электр өрісінің негізгі қасиеттерін және оның күштік сипаттамасын, электр тізбегіндегі конденсатордың рөлін, тоқ көзінің жұмыс істеу принципін меңгеру. ОН 12.4. Механикалық және электромагниттік тербелістерді салыстырып, олардың сипаттамалары мен заңдылықтары арасындағы ұқсастықты анықтау. ОН 12.5. Электромагниттік толқынның таралу механизмімен танысу, радиобайланыстың ашылу тарихын, радиотолқындардың толқын ұзындықтарын білу. ОН 12.6. Толқындық және геометриялық оптика заңдарын, жарықтың толқындық қасиетін сипаттау.	3	72	Қ2	С
13	ЖБП 13. Дене тәрбиесі	Дене шынықтыру және спорт саласында теориялық білім мен практикалық дағдылары; төзімділікке, жылдамдыққа, күшке, ептілік пен икемділікке ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс дағдылары; салауатты дене дамуы, спортқа тән қозғалыс дағдылары мен дене қабілеттерін игеруге бағытталған дене шынықтыру негіздері.	ОН 13.1.Дене шынықтыру сабақтарында техникалық қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін сақтау. ОН 13.2. Базалық спорт түрлерінің ережелерін білу, қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындау, оларды жарыстарда қолдану. ОН 13.3. Спорттық ойындардың техникалық және тактикалық дайындықтарын меңгеру. ОН 13.4. Ұлттық спорт ойындарының ойнау ережелерімен танысып, ойнау тәсілдерін игеру. ОН 13.5. Бағдарламада көзделген жеңіл атлетика, гимнастика, шаңғы дайындығы, бақылау нормативтері мен тестілерді орындау.	5	120	Қ4	С
14	ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері; жалпы әскери жарғыларды; тактикалық, атыс, саптық дайындық және әскери топография; әскери робототехника негіздері; тіршілік қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері; доңғалақты машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері; жол қозғалысы ережелері.	ОН 14.1. Педагогикалық құбылыс ретінде әскери қызметке дайындықты, әскери жарғыларын білу. ОН 14.2. Тактикалық дайындықты талдау. ОН 14.3. Саптық дайындық түрлерін меңгеру. ОН 14.4. Әскери топография, әскери роботты техникалардың негіздерін игеру. ОН 14.5. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 14.6. Технологиялық дайындық негіздерін меңгеру.	4	96	Қ4	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
15	ЖБП 15. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; суреттердің негізгі түрлері және олардың құрылысы; кескіннің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің қалыптасу заңдарын және пішіндерді құрастыру; пішіндерді түрлендіру; техникалық, архитектуралық құрылыс және ақпараттық графика элементтері; жобалық графика.	ОН 15.1. Графикалық кескіндерді, соның ішінде компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. ОН 15.2. Қатты күйдегі және беттік модельдеу әдістерін компьютерлік графика құралдарын игеру. ОН 15.3. 3D моделінің түрін, құрамын және формасын түрлендіруді орындау. ОН 15.4. Білім беру саласында инфографиканы (схемалар, графиктер, диаграммалар) қолдану. ОН 15.5. Жобалық графика дағдыларын қалыптастыру.	2	48	Қ4	С
16	ЖБП 16. Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттілік ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылық; өзара қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; оқыту мен тәрбиелеуде, педагогикалық процесті басқаруда педагогикалық стратегияларды құра білу дағдылары; еңбекті бағалау әдістері мен нысандары; педагогикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттілік; педагогикалық бағыт бойынша жаһандық құзыреттердің қалыптасу матрицалары.	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамытудағы маңызын түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Жанжалдарды шешу дағдыларын игеру. ОН 16.4. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Кәсіби қызметте жобалық менеджмент дағдыларын қолдану.	1	24	Қ3	С
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене қасиеттерін жетілдіру негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; ағза мүшелерінің және мүшелер жүйелерінің топографиясы; физиологиялық қызметтердің реттеу негіздері мен кері байланыстың принциптері; ағзада жүретін биоэлектрлік, биомеханикалық және биохимиялық процестерді; адам ағзасының құрылымдық және функционалды ұйымдасу принциптері; қызметіне байланысты мүшелер құрылымының өзгеруін және жасқа сай ерешеліктері; мүшелер жүйелерінің жалпы сипаттамалары мен морфологиялық зерттеу әдістері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салтын ұстану. ОН 1.2 Адам анатомиясы мен физиологиясының негізін меңгеру	8	192	Қ7	С
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуника	Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану түрлері; есептей білу,	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Ақпараттық анықтамалық	3	72	Қ8	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	циялық және цифрлық технологияларды қолдану	іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату функциялары; компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері; білім берудегі платформаларды қолдану механизмдері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	және интерактивті веб-порталдың қызметтерін пайдалану.				
3	ЖММ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	Қазіргі экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары мен механизмі; нарықтық экономика қағидаттары; экономиканың ғылыми-теориялық бағыттары; кәсіпкерліктің мәні және мазмұны; кәсіпкерлік қызметтің түрлері; кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және дамыту жолдары; кәсіпкерлік тәуекел, кәсіпкерлік бәсекелестік, бизнес жоспар құру принциптері; кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын мемлекеттік органдардың қызметтік функциялары.	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. ОН 3.2. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың заңнамалық негіздерін меңгеру.	3	72	Қ5	С
4	ЖММ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу нормалары; патриотизм мен азаматтықты, ұлттық сана сезімді, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту принциптері; академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қағидаттары; ұлттық және мәдени құндылықтарына адалдығы; философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет қағидалары; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтары; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар.	ОН.4.1 Құқықтық негізгі салаларын түсіну. ОН.4.2 Философия негіздерін меңгеру. ОН.4.3 Саяси-әлеуметтік білім қалыптастыру. ОН.4.4 Мәдени құндылықтарды тану.	6	144	Қ 6,10	С
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Шетел тілінде оқу процесін жүзеге асыру	Шетел тілі мұғалімі біліктілігі бойынша оқу пәнінің мазмұны; оқыту әдістемесі; бағалауды жүзеге асыру формалары; оқыту принциптері; шетел тілінің айтылым, жазылым, тыңдалым дағдыларының	ОН 1.1. Шетелдік жазушылардың шығармаларын талқылау. ОН 1.2. Оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымы мен ережелерін қолдану. ОН 1.3. Оқытылатын тілдің фонетикалық құрылымы мен ережелерін қолдану.	74	1776	Қ9	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		нормалары; шетел тілінің грамматикасы мен фонетикасының құрылымы; ағылшын тілінің дыбыстық ерекшеліктері, дифтонгтар мен монофтонгтар, транскрипция; сөз таптары, уақыт формалары; шет тілін еркін меңгерудегі функционалдық сауаттылық нормалары; коммуникативтік құзыреттілік талаптары; қазіргі заманғы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының шет тілін меңгеру бойынша оқу процесін ұйымдастыру заңдылықтары; шетел тілін оқытудың әдіс-тәсілдері, стратегиялары, құралдары; жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы; ізгілендіру идеясы негізінде білім алушы мен білім алушының өзара іс-қимылын ұйымдастыру іскерлігі; білім беру үрдісінде қауіпсіздікке қойылатын заманауи қағидалар, санитарлық-гигиеналық нормалар; жалпы білім беретін мектептерде шетел тілінен сабақ берудің ерекшелігі; мамандық бойынша кәсіби қызметін өз бетімен орындау үшін қажетті біліктілік пен дағдылар; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары.	ОН 1.4. Айтылым, жазылым, тыңдалым және сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ОН 1.5. Шетел тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін анықтау. ОН 1.6. Кәсіби қызметте шетел тілі пәні сабақтарын ұйымдастыруға үйрену. ОН 1.7. Білім беру мекемелерінде шетел тілін оқыту құзыреттілігін қалыптастыру.				
2	КМ 2. Тәрбиелеу үрдісінің бағдарламалары мен әдістемелерін жобалау	Тәрбие теориясының негіздері мен құрылымы; тәрбие процесінің мақсат-міндеттері мен мазмұны; тәрбие жұмысының заманауи формалары мен құралдары; сабақ беруде тәрбиелік мәннің ерекшелігі; білім беру ұйымдарында экологиялық қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптар, санитарлық-гигиеналық нормалар; тәрбие теориясы мен әдістемесі бойынша психологиялық-педагогикалық дағдылар; мектеп оқушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша педагогикалық талаптар; сыныптан тыс атқарылатын жұмыс түрлері.	ОН 2.1. Тәрбие жұмысының негіздерін саралау. ОН 2.2. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін қолдану. ОН 2.3. Мектепте сыныптан тыс жұмыс технологиясын қолдану. ОН 2.4. Білім беру мекемелерінде сынып нұсқаулығы қызметін орындау.	14	336	Қ10	С
3	КМ 3. Оқу-әдістемелік қызметті	Педагогикалық әдеп ережелері, педагогикалық мәдениет, мектеп пен	ОН 3.1. Психология саласын ескеріп білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру.	26	624	Қ11	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	жүзеге асыру	сыныптағы мәдениет; білім беру процесінде адамның психологиялық даму ерекшеліктері; психологиялық білімнің теориялық негіздері; тұлғаның дамуы мен қалыптасуының психологиялық заңдылықтары; жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу механизмдері; білім беру процесін басқару технологиясы; дидактикалық материалды жобалау және әзірлеу негіздері; оқыту әдістемесінің негіздері, қуатты педагогикалық құралдар; этнопедагогика мен инклюзивті білім беру негіздері; білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау талаптары; оқу тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың жолдары; оқушыларды ынталандыру және оқудағы кедергілер; еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау қағидалары; мектептің оқу материалдық базасы мен мектеп құжаттары; тақырыптық - күнтізбелік жоспарлардың мазмұны; «Білім туралы» заң; мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас стилі, оқушылардың өзара қарым-қатынастарын зерттеу мақсатында сауалнама, тренингтер.	ОН 3.2. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды жоспарлау және өткізу. ОН 3.3. Этнопедагогика теориясын тұжырымдау. ОН 3.4. Сындарлы оқыту технологиясының негіздерін меңгеру. ОН 3.5. Ғылыми педагогикалық зерттеу негіздері мен педагогикалық шеберлік негіздерін тұжырымдау. ОН 3.6. Педагогика ғылымы мен оның негізгі құрылымын игеру. ОН 3.7. Инклюзивті білім беру негіздерін қалыптастыру. ОН 3.8. Педагогикалық мамандыққа кіріспе тәжірибесін игеру.				
4	КМ 4. Шетел тілінің теориялық негіздерін тұжырымдау	Шетел тілінің теориялық негіздері; шетел тілі тарихының негіздері; шетел тілінің фонетикалық ерекшеліктері мен құбылыстары, дауысты және дауыссыз дыбыстар, дыбыстардың жіктелуі, оқу ережелері, буын мен буын түрлері, екпін түрлері, диграфтар, әріп тіркестерін оқу ережелері мен ерекшеліктері; ағылшын тілінің морфологиясы мен синтаксисі, грамматикалық құрылымдардың формалары мен конструкциялар, сөзжасам, етістіктің тұлғалық және тұлғасыз түрлері; шетел тілінің тарихы, географиялық, экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени және әлеуметтік сипаттағы мәліметтер; ағылшын	ОН 4.1. Шетел тілі кәсіптік негіздерін игеру. ОН 4.2. Шетел тілінің теориялық фонетика жүйесін құрылымдау. ОН 4.3. Шетел тілінің теориялық грамматика жүйесін құрылымдау. ОН 4.4. Шетел тілінің тарихы туралы түсінік қалыптастыру. ОН 4.5. Шетел тілінде сөйлейтін мемлекеттердің геосаяси құрылымын ажырату. ОН 4.6. Шетел балалар әдебиетін талдау. ОН 4.7. Сауықтыру лагері мен тәлімгерлік негіздерін игеру. ОН 4.8. Әр түрлі жастағы балалардың жазғы сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.	14	336	Қ12	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		әдебиетінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері; өлеңдер мен мақал-мәтелдер, прозалық шығармалар; шет тіліндегі әдеби-көркем мәтіндерді оқу дағдылары; балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру жолдары; жаз кезіндегі балалар мен жасөспірімдерден тәрбие жұмысын жүргізу ерекшеліктері; балалардың шығармашылық бос уақытын ұйымдастыру және өткізу технологиясы; балалар және жасөспірімдермен топтық және жеке жұмыс формалары.					
5	КМ 5. Кәсіби қызметте стилистикалық және лексикалық нормаларды қолдану	Лингвостилистиканың айрықша перспективалық бағыттары; стилистикалық талдау дағдылары; лексикалық көркем құралдар; білім алушылардың тілдік және әлеуметтік – мәдени құзыреттілігіне әсер ететін стилистикалық талдау әдістері; ағылшын тілінің сөз құрамындағы шетелдік элементтер; сөйлем құрылымының жүйесі мен негізгі аспектілері; өздігінен кәсіби-педагогикалық қызмет функциялары; шетел тілі мұғалімдерін оқу, тәрбие, әдістемелік қызмет түрлері; сабақты дайындап өткізу, көрнекті құралдар мен дидактикалық материалдарды дайындау әдістері; білім беру үрдісінде құжаттарды жүргізу талаптары.	ОН 5.1. Шетел тілінің стилистикалық ерекшеліктерін қолдану. ОН 5.2. Шетел тілінің лексикалық нормаларын меңгеру. ОН 5.3. Қоғамдық және саяси саладағы лексиканы қолдану. ОН 5.4. Академиялық жазудың негізгі құрылымдары мен ережелерін пайдалану. ОН 5.5. Шетел тілі сабақтарын жүргізуді байқау және бақылау бойынша ақпаратты меңгеру. ОН 5.6. Шетел тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби – педагогикалық қызметін орындау.	20	480	Қ13	Е
Аралық аттестаттау				12	288		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс				60	1440		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

«Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі(коды, атауы), біліктілік (тер) 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын

жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Ахат Нұртас Ахатұлы

Орындаушы: Каппас Айсара Жанатқызы

Ұялы телефон: 87782131396

Электрондық пошта мекенжайы: kazped@mail.ru